

Қаражал қаласының Қоғамдық кеңесінің ҰСЫНЫМЫ

Қаражал қаласы

№ 5

2026 жылғы 30 маусым

1. Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына, Қоғамдық кеңестер туралы Үлгілік ереженің 54-тармағына сәйкес КЕАҚ Мемлекеттік корпорациясының «Азаматтарға арнаған үкімет» КЕАҚ Ұлытау облысы бойынша филиалының Қаражал қаласы бөлімінің басшысы Оразбеков Даурен Сәбитұлының ақпаратын тыңдап, талқылай келе **Қаражал қаласының Қоғамдық кеңесі ұсынады:**

- КЕАҚ Мемлекеттік корпорациясының «Азаматтарға арнаған үкімет» КЕАҚ Ұлытау облысы бойынша филиалының Қаражал қаласы бөлімінің басшысы Д.С.Оразбековке (келісім бойынша):

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-ның Ұлытау облысы бойынша филиалының Қаражал қаласы бөлімінің қазіргі уақытқа дейін атқарған жұмыстары, көрсетілген мемлекеттік қызметтердің нәтижелері, іске асырылған іс-шаралар, өзекті мәселелер мен алдағы жоспарлары туралы толыққанды ақпараттық-талдамалық анықтаманы дайындап, **2026 жылдың 17 тамызына** дейін Қоғамдық кеңестің қарауына тапсыру ұсынылсын.

2. Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына, Қоғамдық кеңестер туралы Үлгілік ереженің 54-тармағына сәйкес «Қаражал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» Мемлекеттік мекемесінің басшысының міндетін атқарушы Баратбаева Камилла Дамировнаң ақпаратын тыңдап, талқылай келе **Қаражал қаласының Қоғамдық кеңесі ұсынады:**

1. «Қаражал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» Мемлекеттік мекемесінің басшысының міндетін атқарушы К.Д.Баратбаеваға:

1) 2026–2027 жылғы жылу беру маусымына дайындық жұмыстарының барысы туралы ақпаратты толықтырып, жылу көздерінің, инженерлік желілердің, әлеуметтік нысандар мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің дайындығы, жүргізілген жөндеу жұмыстары, отын қорының қамтамасыз етілуі, анықталған мәселелер және оларды шешу жолдары туралы жан-жақты мәліметтерді қамтитын толық ақпаратты Қоғамдық кеңеске **2026 жылдың 17 тамызына** дейін ұсыну тапсырылсын.

2) Қоғамдық кеңестің өткен отырыстарында қабылданған ұсынымдардың орындалу барысы туралы толық әрі негізделген ақпаратты әзірлеп, әрбір

ұсыным бойынша атқарылған жұмыстар, орындалу нәтижелері, орындалмаған мәселелердің себептері және оларды іске асыру бойынша алдағы жоспарларды көрсете отырып, **2026 жылдың 17 тамызына** дейін Қоғамдық кеңестің қарауына тапсыру.

3. Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына, Қоғамдық кеңестер туралы Үлгілік ереженің 54-тармағына сәйкес Қаражал қаласы әкімдігінің «Қалалық коммуналдық шаруашылығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынының директоры Заканаев Айдос Аманғазыұлының ақпаратын тыңдап, талқылай келе **Қаражал қаласының Қоғамдық кеңесі ұсынады:**

1. Қаражал қаласы әкімдігінің «Қалалық коммуналдық шаруашылығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынының директоры А.А.Заканаевқа:

1) Электрмен жабдықтау желілері мен оларға қатысты барлық қажетті техникалық және құқықтық құжаттарды коммуналдық меншікке қабылдау рәсімін қамтамасыз ету мақсатында құжаттарды толық әзірлеу және рәсімдеу жұмыстарын 2026 жылғы 30 тамызға дейін аяқтау;

2) Коммуналдық мемлекеттік мекеме құрылғанға дейін электр энергиясы нысандарының (электр желілері мен электрмен жабдықтау жүйелерінің) үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында оларды күтіп ұстау, техникалық қызмет көрсету және пайдалану жұмыстарын уақытша ұйымдастыру мәселесін қарастыру;

3) Осы ұсынымдардың орындалу барысы туралы ақпаратты қалалық мәслихат аппаратына **2026 жылдың 30 тамызына** дейін тапсыру ұсынылсын.

4. Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына, Қоғамдық кеңестер туралы Үлгілік ереженің 54- тармағына сәйкес Қаражал қаласы әкімі Айқын Қылышұлы Елеусізовтің ақпаратын тыңдап, талқылай келе **Қаражал қаласының Қоғамдық кеңесі ұсынады:**

1. Қаражал қаласы әкімі А.Қ.Елеусізовке:

1) «Балбөбек» балабақшасының аумағында орналасқан бұрынғы қазандық (котельная) ғимаратының техникалық жай-күйіне бағалау жүргізе отырып, оны демонтаждау қажеттілігі, заңдылығы, қаржыландыру көздері және тиісті рұқсат құжаттарын рәсімдеу мәселелерін қарастыру;

2) «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басшылығымен келіссөздер жүргізе отырып Қызылжар–Мойынты теміржол жобасы шеңберінде қаланың кіреберіс бөлігінде салынатын екі пәтерлі тұрғын үйлердің сәулеттік келбеті мен қасбеттерін (фасадтарын) қаланың сәулеттік ерекшелігіне сәйкес, заманауи және эстетикалық талаптарға сай жобалау жөнінде ұсыныс енгізу. Сонымен қатар, екі пәтерлі тұрғын үйлердің құрылысын бастамас бұрын олардың

эскиздік жобаларын Қоғамдық кеңестің қарауына ұсынып, ғимараттардың сыртқы сәулеттік келбеті бойынша келісім алу тәртібін қамтамасыз ету;

3) «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-на қаланың әуежайы маңындағы бұзылған аумақтарды тазалау, құрылыс қалдықтарын заңнама талаптарына сәйкес шығару және оларды карьерді рекультивациялау жұмыстарына пайдалану мүмкіндігін қарастыру жөнінде ұсыным енгізу;

4) Қалада кәріз жүйесін салып жатқан мердігер – «АГС-ПЛАСТ» ЖШС-ға қала сыртындағы кәріз (канализация) жүйелері аумағында жиналған қоқыстарды тазалау, оларды карьерге шығарып көму және рекультивациялау жұмыстары аясында кәдеге жарату мүмкіндігін қарастыру жөнінде ұсыным енгізу;

5) Байғұл су көзінен қалаға ауыз су тарту мүмкіндігін жан-жақты зерделеу, оның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу, қаржыландыру көздерін айқындау және тиісті жобалау-сметалық құжаттаманы дайындау мәселесін қарастыру;

6) 24 орамда орналасқан ескі авариялық жағдайдағы Қазақтелеком ғимаратының жеке меншік иесімен келіссөз жүргізіп бұзу немесе қалыпқа келтіру туралы жұмыстар жүргізу;

7) Ықшам ауданындағы орналасқан ескі авариялық жағдайдағы Казпочта ғимаратының жеке меншік иесімен келіссөз жүргізіп бұзу немесе қалыпқа келтіру туралы жұмыстар жүргізу;

8) Осы ұсынымдардың орындалу барысы туралы ақпаратты қалалық мәслихат аппаратына **2026 жылдың 30 тамызға дейін** тапсыру ұсынылсын.

Қоғамдық кеңес төрағасы



А.Такибаев